

«КЕЛІСІЛДІ»

«Дарынды бала әлемі»

жобасының авторы

А. Қ. Хамитова

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы

Қарағанды облыстық

балалар кітапханасы» КММ

басшысы

Б.К. Уатаева

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

## «ДАРЫНДЫ БАЛА»

қалалық театрландырылған қойылымдар  
байқауын өткізу ережесі

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1** Бұл ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде «Дарынды бала әлемі» кітабы бойынша «Дарынды бала» театрландырылған қойылымдарының қалалық байқауын ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын мақсаттарды, міндеттерді, шарттарды, тәртіпті, мерзімдерді және басқа да талаптарды айқындайды.

**1.2** Байқауды ұйымдастырушы және оны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тарап - «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы).

**1.3** Байқаудың жүлде қоры жоба авторы және «Дарынды бала әлемі» кітабын шығару бастамашысы Айнагүл Қайырбекқызы Хамитованың демеушілігімен қалыптастырылады.

**1.4** Осы Ережеде көрсетілген нормалар мен талаптар қайта қарауға және өзгертуге жатпайды. Байқауға қатысушылар осы Ереженің барлық талаптарын орындауға келіседі.

### 2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 2.1 Мақсаты:

- оқуды қолдау және насихаттау, оқуға деген қызығушылықты арттыру және мектеп жасына дейінгі балалардың оқу белсенділігін дамыту;

#### 2.2 Міндеттері:

- ертегі арқылы балалардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын дамыту;

- ертегі арқылы балалар шығармашылығын дамытуға ата-аналар мен тәрбиешілердің назарын аудару;

- бірлесіп орындау үшін балалар мен ересектерді біріктіру.

### 3. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

**3.1** Байқау 3 (үш) кезеңде өтеді:



- **бірінші кезең** - ұйымдастырушының электрондық поштасына өтінімдер мен театрландырылған қойылымдар (MP4 форматында түсірілген) қабылдау odb\_abai@mail.ru - **2023 жылғы 12.04.** дейін, қоса алғанда;

- **екінші кезең** - қазылар алқасының - **2023 жылға 17.04.** дейінгі III кезеңге арналған театрландырылған қойылымдарды қарау және іріктеу;

- **үшінші кезең (финал)** – өткізілетін орынның алаңында таңдалған театрландырылған қойылымдарды көрсету, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау - **2023 жылғы 19 сәуір.**

#### **4. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**4.1** Байқауға мектеп жасына дейінгі балалар (5 жас) қатысады.

**4.2** Байқауға «Дарынды бала әлемі» жинағынан сахна, қуыршақ театры және т.б. түріндегі бір сахналанған ертегі (таңдау бойынша) ұсынылады.

**4.3** Қатысушылардың санын, сахналаудың нысаны мен мазмұнын қатысушылар өз бетінше таңдайды.

**4.4** Қойылым ұзақтығы 5-7 мин.

**4.5** Байқауды сахналау мынадай критерийлер бойынша бағаланады:

- актерлік шеберлік, сөйлеудің мәнерлілігі;
- декорация элементтерінің болуы;
- көрнекі және дыбыстық сүйемелдеу;
- қойылымның даму және тәрбиелік бағыты.

#### **5. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

**5.1.** Байқауды ұйымдастыру мен өткізуге басшылықты Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының қызметкерлерінен құралатын Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

**5.2.** Ұйымдастыру комитеті байқаудың қазылар алқасын бекітеді. Қазылар алқасына театр өнерінің мамандары, балалар жазушылары мен педагогтары шақырылады.

**5.3.** Байқауды ұйымдастырушы қазылар алқасының шешіміне қарсылық етпейді.

#### **6. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ СЫЙЛЫҚТАР БЕРУ**

**6.1** Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сыйлықтар мен дипломдар беріледі.

**6.2.** Қазылар алқасының шешімі бойынша ынталандыру сыйлықтары анықталуы мүмкін.

**6.3** Байқау қатысушыларына сертификаттар беріледі.

**6.4** Театрландырылған қойылымдарды дайындауға жауаптылар алғыс хаттармен марапатталады.



## 7. ҚОРЫТЫНДЫ

- 7.1 Көрсетілім орны туралы алдын ала хабарланады.
- 7.2 Балалардың театрландырылған көрсетілім өтетін жерге баруына өтініш беретін білім беру мекемесі жауапты болады.
- 7.3 Қойылым декорацияларын орнату, рәсімдеу байқау ұйымдастырушыларымен алдын ала келісіледі.
- 7.4 Театрландырылған қойылымды ұйымдастыруға және жол жүруге арналған шығындар байқаудың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
- 7.5 Байқау туралы ақпарат Ұйымдастырушының электрондық ресурсында орналастырылады **odb-abai.kz**

**Ұйымдастырушының байланыстары:** телефон +8 (7212)412325, электрондық пошта **odb\_abai@mail.ru**

**Байқау үйлестірушісі:** Абулгазинова Бахыт Мамбетовна, мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, мобильді телефон +77059869365.

1 қосымша

**«Дарынды бала»  
театрландырылған қойылым байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ**

<b>Мектепке дейінгі мекеменің атауы</b>	
<b>Мектепке дейінгі мекеме басшысының ТАӘ</b>	
<b>Сахналау атауы</b>	
<b>Қоюға жауапты адамның ТАӘ</b>	
<b>Қатысушылар саны</b>	
<b>Байланыс телефоны, e-mail</b>	